

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі  
Көкшетау қаласының № 4 жалпы орта  
білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение  
«Общеобразовательная школа № 4  
города Кокшетау отдела образования  
по городу Кокшетау управления  
образования Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.02.2024

Көкшетау қаласы

№ 13

город Кокшетау

### Оқушылардың ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 29 ақпандағы № 102 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

#### 1. Мектеп әкімшілігі:

1) Мектепте оқушылардың ата-аналарынан (занды өкілдерінен) заңсыз ақшалай қаражаттар жинауды, соның ішінде мектептен мектепке көшіру, мектепте оқуға және демеушілік және қайырымдылық көмек есебіне қаражаттарды мәжбүрлі жинауды болдырмасын;

2) Оқушылардың ата-аналарынан ақшалай қаражаттар жинауға сынып жетекшілер тартуға үзілді-кесілді тыйым салынсын, сондай-ақ түрлі қажеттіліктерге (кеңсе тауарларына, сыйлықтарға, жөндеу жұмыстарына және т.б.) мектептің әкімшілігінен, мұғалімдері мен оқушыларынан ақшалай қаражаттар жинауды болдырмасын;

3) Осы бұйрық қолдарын қойғызып алумен, барлық ұжымға мәлімделсін және оқушылардың ата-аналары таныстырылсын.

#### 2. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына:

1) Осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін;

2) Мектептің сайтына, сенім телефонына түскен және басқа да өтініштер уақытылы қарастырылсын, солар бойынша нақты шаралар қолданылсын;

3) Осы бұйрықтың талаптарын орындамағаны үшін, лауазымынан босатуға дейін, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізілсін;

4) Мектепте заңсыз ақшалай қаражаттар жинау сұрақтары бойынша үнемі әрекет ететін «жедел желенін» жұмысы ұйымдастырылсын;

5) Ақшалай қаражаттарды заңсыз жинау сұрақтары бойынша азаматтардан түсіп жатқан өтініштер мен сенім телефонына соғылған қоңыраулардың ай сайынғы мониторингі жүзеге асырылсын.

#### 2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



М. Хасенова